

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 11 қаңтардағы N 3-ө
Өкімі. Күші жойылды - 2006.02.23. N 32 өкімімен

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 344-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 1 қ а ң т а р д а ғ ы
N 3 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Д.К.Ахметов**

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Экономикалық және қаржы саясаты, қорғаныс, құқық тәртібі, мұнай-газ секторын дамыту мәселелері.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Көлік және

коммуникация министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
А.С.Есімов

Экономиканы жедел басқару, өңірлік және аграрлық саясат, жұмылдыру дайындығы, әлеуметтік саясат және әлеуметтік әріптестік, Республикалық үш жақты комиссияға басшылық жасау мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Жер ресурстарын басқару агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі
С.М.Мыңбаев

Индустриялық, технологиялық және инвестициялық саясат, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастар мәселелері.

Индустрия және сауда министрлігіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы
А.А.Тілеубердин

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік құпияларды қорғау, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің өңірлік саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталары аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің, Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің, Статистика агенттігінің қызметін жалпы бақылау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК